

III МОДУЛЬ ОТБАСЫ

3-сабақ Сіз неше жастасыз?



1. Тыңдаңыз. Есте сақтаңыз.

жас
кіші
үлкен

Сіз нешедесіз?

Сіз неше жастасыз?

Сіздің жасыңыз нешеде?

Сіз нешедесіз?

Сіз неше жастасыз?

Сіздің жасыңыз нешеде?



2. Тыңдаңыз. Есте сақтаңыз.



Сәлеметсіз бе,
Әмірхан!

Сіз неше жастасыз,
Әмірхан?

Мен (25) жиырма
бес жастамын.

Сәлеметсіз бе,
Айнұр Жомартқызы!

Мен (44) қырық
төрт жастамын.
Ал сіз ше?



3. Үлгінің көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің жасыңыз нешеде?

Әріптесіңіздің жасы нешеде?

Әкеңіздің жасы нешеде?

Анаңыздың жасы нешеде?

Сіздің жасыңыз нешеде?

Менің жас+ым отыз+қа

Сенің жас+ың отыз+қа ма?

Сіздің жас+ыңыз отыз+қа ма?

Оның жас+ы отыз+қа.



4. Мәтінді оқыңыз, төмендегі суретті толықтырыңыз.

Менің атам 70 жаста. Әжем 67 жаста. Әкем мен анам жасты, 44 жаста. Менің ағамның аты – Әділет. Ол 22 жаста. Ағам менен 7 жас үлкен. Әпкем Еңлік ағамнан 4 жас кіші, менен 4 жас үлкен. Қарындасым Аида менен 2 жас кіші, ал інім Еркебұлан 7 жас кіші.



Әкем 44 жаста



Атам Дос
70 жаста



Әжем
67 жаста



Анам _____ жаста



Ағам Әділет
_____ жаста



Әпкем Еңлік
_____ жаста



Қарындасым _____
жаста



Менің жасым _____



Інім _____ жаста



5. Мәтіннің көмегімен сұрақтарға жауап жазыңыз.

– Абылай, сен неше жастасың?

– Мен он төрт жастамын.

– Отбасымда _____, _____, _____,

_____ бар.

– Әкем қырық төрт жаста.

– Анам да қырық төрт жаста.



6. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

Абылайдың _____ 70 жаста. _____ 67 жаста. _____ мен _____ жасты,
44 жаста. _____ аты – Әділет. Ол _____ жаста. Әпкесі
Еңлік _____ жаста. Өзі _____ жаста. Қарындасы
_____ жаста. Інісі Еркебұлан _____ жаста.



7. Әріптесіңізбен сұқбаттасыңыз.

Сіз неше жастасыз?

Отбасыңызда кімдер бар?

Әкеңіз неше жаста?

Кіші балаңыз неше жаста?

Үлкен балаңыз неше жаста?

Анаңыз неше жаста?

Отбасымда
Менің жасым
Әкем
Анам
Кіші балам
Үлкен балам
